

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізудің үлгілік
қағидаларына 3-қосымша
«Бекітемін»**

**«ШКОММО» ШЖҚ КМК бас дәрігері
Макашева Ш.Е.**



**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген
ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:

**ШҚО ДСБ «Шығыс Қазақстан облыстық мамандандырылған медициналық орталығы»
ШЖҚ КМК**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 03.09.2025 ж.бастап
03.10.2025 ж. дейін.

Талданатын кезең 01.11.2024 жылдан 20.09.2025 жылға дейін.

Талдамалық анықтамаға қол қойылған күн: 26.09.2025 жыл.

№ р/с	Ұсыным	Іс-шаралар жоспарына сәйкес аяқтау нысаны	Ұсынымның орындалуы туралы ақпарат
1	№1 тәуекел Бағыт бойынша-құқықтық алшақтық лауазымды тұлғаның және/немесе талдау объектілерінің құзыретін регламенттейтін ережелердің болмауы, бұл өкілеттіктерді өз бетінше айқындауға мүмкіндік туғызады.	Сипатталған құқықтық олқылықты жою мақсатында ШҚО денсаулық сақтау басқармасының алдында оны жоюға бағытталған шараларды әзірлеу үшін осы мәселені алқалы форматта қарау туралы ұсыныспен шығу керек	ШҚО ДСБ ММ-не 25.09.25 ж. шығ. №01-08/502 хат жолданды.
2	№2 тәуекел Құқықтық актілер нормаларының қайшылықтары бағыты бойынша, индикатор негізінде: құқық қолдану қызметі процесінде және лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктерін талдау объектісін жүзеге асыруында туындайтын қайшылықтар.	Анықталған қайшылықтарға байланысты "ШҚО денсаулық сақтау басқармасы" ММ-ге осы мәселені жоюға бағытталған шараларды әзірлеу үшін алқалы форматта қарау туралы ұсыныспен хат жолдансын.	ШҚО ДСБ ММ-не 25.09.25 ж. шығ. №01-08/501 хат жолданды.
3	№3 тәуекел Бағыты бойынша – құқықтық олқылық, индикатор бойынша құқық қолдану қызметі процесінде және лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктерін талдау объектісін жүзеге	Көрсетілген құқықтық олқылықты жою мақсатында «Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» ММ-не осы нормаға	Сипатталған құқықтық олқылықты жою мақсатында 17.09.2025 ж.е- Отinish бойынша «Шығыс Қазақстан облысының

	асыруында туындайтын қайшылықтар.	толықтырулар енгізуді бастамалауды ұсыну туралы ұсыныммен шығу қажет. Бұл толықтыруларда тәртіптік жаза қолданылған күннен бастап оны алып тастау мүмкін болатын нақты мерзімдер көрсетілуі тиіс.	мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» ММ-не осы нормаға толықтырулар енгізуге бастама жасау туралы ұсыныспен хат жолданды, оның соңында тәртіптік жазаларды алып тастауға болатын нақты мерзімдер көрсетілді
4	№4 тәуекел комплаенс-офицер және зангер лауазымын қоса атқару Квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі лауазымын басқа құрылымдық бөлімшелердің функцияларымен қоса атқаруға жол берілмейді. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереженің 10-тармағына сәйкес	КБ бастығы штат кестесіне комплаенс-офицер лауазымын енгізуге қатысты ШҚО ДСБ ММ-не сұрау жолдасын	ШҚО ДСБ ММ-не 25.09.25 ж. шығ. №01-08/500 хат жолданды.
5	№5 тәуекел Бағыт бойынша-заңнаманы сақтау бойынша, индикатор бойынша жұмысты ұйымдастыру: - талдау объектісінің қызметкерлерін заңнаманы сақтамағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілерінің болуы. Үшінші тұлғаларға ақпаратты тарату – заттай дәлелдеме болып табылатын бейнежазбаны беру, қызметкердің әрекеттері әлеуметтік араласуға және жалған ақпараттың, соның ішінде полиция қызметкерлерінің әрекетіне қатысты жағымсыз құқықтық баға беруге жол ашты	Бөлім қызметкерлерімен мұндай жағдайларға жол бермеу туралы түсіндіру жұмысын жүргізу, лауазымдық нұсқаулықтарға мынадай шектеулерді енгізу: дәрігерлік құпияны сақтау, бейнебақылау камераларынан алынған мәліметтерді қоса алғанда, ақпаратты медициналық ұйым басшысының рұқсатымен ғана беру, сондай-ақ қызметкерлердің бұл талаптармен қол қойып танысуын қамтамасыз ету.	24.09.2025 ж. – бөлім қызметкерлерімен осындай жағдайларға жол бермеу бойынша түсіндіру жұмысы жүргізілді, жазбаша ескерту алынды. Жаңа лауазымдық нұсқаулықтар әзірленді. Бақылау тұрақты негізде жүргізілуде.